2024-2025 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 21 тамыздағы № 167 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түркістан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Түркістан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Д. Сатыбалды*

Түркістан облысы әкімдігінің
2024 жылғы "21" тамыздағы
№ 167 қаулысына қосымша

2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырыстары орналастырылатын жоғары және (немесе)

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі (жергілікті бюджет қаражаты есебінен)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 30.01.2025 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

р/с	Жоғары оқу орынның атауы	Білім беру саласының коды және атауы	Білім бағдарламалары топтарының коды және атауы	2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)
1	"Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті"	6B10 Денсаулық сақтау	B086 Жалпы медицина	15
		6B06 Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	B057 Ақпараттық технологиялар	35
		7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R032 Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	10
			R017 Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	5
			R023 Балалар хирургиясы	2
			R004 Гастроэнтерология (ересектер, балалар)	5
			R001 Кардиология (ересектер, балалар)	2
			R042 Клиникалық фармакология	2
			R024 Онкология (ересектер)	14
			R030 Педиатрия	5
			R014 Радиология	8
			R008 Эндокринология (ересектер, балалар)	4
			R017 Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	4

2	"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" комерциялық емес акционерлік қоғамы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R 0 1 9 Ангиохирургия (ересектер, балалар)	2
			R023 Балалар хирургиясы	3
			R005 Гематология (ересектер)	1
			R 0 1 2 Дерматовенерология (ересектер, балалар)	4
			R021 Жақ сүйек-бет хирургиясы (ересектер, балалар)	1
			R001 Кардиология (ересектер, балалар)	2
			R 0 1 8 Кардиохирургия (ересектер, балалар)	1
			R 0 2 0 Нейрохирургия (ересектер, балалар)	3
			R031 Неонаталогия	1
			R009 Нефрология (ересектер, балалар)	2
			R006 Онкология және гематология (балалар)	1
			R014 Радиология	1
			R002 Ревматология (ересектер, балалар)	4
			R 0 2 5 Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)	1
3	"Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі"	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R032 Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	4
			R 0 1 7 Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	4
			R 0 1 9 Ангиохирургия (ересектер, балалар)	2
			R 0 1 2 Дерматовенерологи	2

	Қазақстандық медицина университеті		я (ересектер, балалар)	
			R 0 1 8 Кардиохирургия (ересектер, балалар)	2
			R 0 2 0 Нейрохирургия (ересектер, балалар)	2
			R031 Неонаталогия	5
4	"Кардиология және ішкі аурулар ғылыми зерттеу институты" акционерлік қоғамы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R 0 1 7 Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	1
			R 0 0 4 Гастроэнтерология (ересектер, балалар)	1
			R001 Кардиология (ересектер, балалар)	3
			R002 Ревматология (ересектер, балалар)	1
			R 0 0 8 Эндокринология (ересектер, балалар)	1
5	"Академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R 0 2 5 Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)	4
			R040 Физикалық медицина және реабилитация (ересектер, балалар)	3
6	"Қазақстан-Ресей медициналық университеті" мемлекеттік емес білім беру мекемесі	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R032 Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	6
			R 0 1 7 Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	4
			R 0 1 9 Ангиохирургия (ересектер, балалар)	3
			R031 Неонаталогия	1
			R 0 1 8 Кардиохирургия (ересектер, балалар)	1

			R 0 2 0 Нейрохирургия (ересектер, балалар)	1
Барлығы				189

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК